В целях проверки реальной готовности сил и средств, в рамках состоявшегося учения были также проведены работы по вывозу снега на улице Набережной, откачке воды и берегоукрепительные работы на реке Нура. А для предупреждения образования затора по руслу реки вблизи Самаркандского водохранилища был произведен подрыв льда.

Будем надеяться, что нынешний паводок пройдет благополучно.

Т.КУРБАНОВА

На фото автора: тактико-специальные учения в п.Г.Мустафина.



Дорога к успеху

Второе направление государственной программы «Продуктивная занятость и массовое предпринимательство на 2017-2021 годы «Еңбек» нацелена на помощь самозанятым и безработным. Программа открывает новые возможности как для начинающих индивидуальных предпринимателей, так и для действующих.

Воспользоваться возможностью получения микрокредита для расширения своего действующего бизнеса по переработке и отделке шкур решил и житель села Доскей Джунусов Саят Сагандыкович. Имея опыт в ведении собственного дела, Саят Сагандыкович не стал останавливаться на достигнутом. Идея о расширении у Саята была задумана давно, однако, нужны были немалые средства. И тогда предприниматель решил взять кредит

для открытия пункта по приемке и заготовке шкур. Ознакомившись с условиями программы, Саят Сагандыкович решил обратиться в Центр занятости. Здесь специалисты дали подробную консультацию, после чего Саят Сагандыкович начал собирать необходимые документы. Понадобилось всего 3 недели, чтобы собрать пакет документов на получение кредита. И вот долгожданный момент - кредит получен. Не отклады-

вая, Саят Сагандыкович начал покупку необходимой техники и оборудования. Полную работу приёмный пункт начнет весной 2020 года после полного сбора техники и подписания договоров с крупными заводами, убойными цехами городов Костанай, Арқалық, Шымкент, Алматы.

З.МЕРКЕНОВА,
специалист
Центра занятости

На фото: С.С.Джунусов.



Никто не забыт, ничто не забыто Жизнь прожита не зря



В этом году исполняется 75 лет со Дня Победы над фашистской Германией. Наш народ готовится достойно встретить этот великий праздник. К сожалению, нельзя остановить ход времени - с каждым годом число участников Великой Отечественной войны становится все меньше и меньше.

Я хочу рассказать о своем свекре, ветеране Великой Отечественной войны Пушкарёве Алексее Степановиче.

Родился он 20 октября 1917 года. В 1938 году был призван в ряды Красной Армии. В октябре 1941 года призвали на фронт. Воевал на Центральном фронте, в составе 108 пулеметного полка. При обороне станции Петушки Московской области при артиллерийском обстреле был ранен осколком снаряда в голову и контужен.



В феврале 1942 года, будучи в рядах наступающих войск, под городом Волоколамск, получил тяжелое ранение в ногу. А уже в 1943 году - воевал на Брянском фронте, 1945 год - 2-й Прибалтийский фронт, 17-й Восстановительный железнодорожный батальон. Алексей Степанович был награжден медалью «За отвагу», медалью «За боевые заслуги», орденом Отечественной войны I степени.

После войны проживал на станции Нурунская. Вырастил и воспитал 10 детей: 8 сыновей и 2-х дочерей.

В возрасте 72-х лет 30 октября 1989 года скончался от тяжелой болезни.

Хочется, чтобы память о ветеранах жила в наших сердцах вечно. Чтобы наши дети и внуки гордились своими славными предками. Отстояв в бою, пережив ранения и боль, они, собрав все силы, дали жизнь нам, своим детям, внукам и правнукам; научили терпению, мужеству, показав это на собственном примере.

В.ПУШКАРЕВА,
библиотекарь
Нурунской школы

С юбилеем, Раиса Федоровна!

10 марта в Петровской школе в торжественной обстановке прошло торжественное мероприятие - чествование заслуженного ветерана педагогического труда Пузыриной Раисы Федоровны с 80-летним юбилеем, чья судьба тесно связана с историей школы, чье имя золотыми буквами вписано в историю не только школы, но и всего района.

*Учить трудиться, думать смело,
Шагать. Дороги хороши...
Нет в мире радостнее дела,
Чем воспитание души!
Наставникам стихи и песни,
Сверканье вдохновенных строк,
Мудрейшей из всех профессий,
Величье звания: Педагог!*

На протяжении 35 лет Раиса Федоровна отдавала частичку своего сердца и души ученикам школы, из них 26 лет являлась директором Петровской школы.

Со знаменательной датой Раису Федоровну тепло поздравили председатель районного совета ветеранов Т.А.Арбабаев, и.о. акима Петровского с/о Т.А.Елюбаев, директор Петровской школы А.С.Жангалова и ветераны педагогического труда С.А.Торжан, К.Б.Жуманов, Л.А.Чертова, У.А.Аухадиева. Они пожелали виновнице торжества добра и благополучия, счастья и долголетия.

Раиса Федоровна - настоящий человек с большой буквы, с безгранично теплым и отзывчивым сердцем, где нашлось место каждому, встретившемуся на ее жизненном пути. В выступлениях то и дело отмечался славный трудовой путь директора школы Пузыриной Раисы Федоровны.

Выпускники школы, ныне учителя Петровской школы, подготовили для именинницы музыкальные номера, одним из которых была песня «Учительница первая моя».

Выпускники Раисы Федоровны - это сотни детей, чьи судьбы состоялись благодаря помощи, чуткости и отзывчивости наставника.

За свой труд она награждена: грамотой Верховного Совета Казахской ССР, грамотой Министерства просвещения Казахской ССР, грамотой ЦК компартии Казахстана, Совета министров Казахской ССР, Казсовпрофа, ЦКЛКСМ Казахстана, медалью «За доблестный труд в ознаменование 100-летия со дня рождения



В.И. Ленина», медалью «Ветеран труда», значком «Отличник просвещения Казахской ССР»

Состоялась Раиса Федоровна не только в профессии, но и в семейной жизни. Она вырастила трех прекрасных

на мудрость и терпение, профессиональное мастерство и человеческую незаурядность. Ее профессия - это высокая миссия, предназначение которой - сотворение личности, утверждение человека в чело-



дочерей. Две её дочери продолжили педагогическую династию. Сейчас у неё 2 внука и один правнук.

О таких людях, как Раиса Федоровна, говорят: педагогика - не только её профессия, но и призвание. Честность, самоотверженность, верность делу, уважение к окружающим, доброжелательность и безмерная любовь к детям - эти качества Раисы Федоровны служат примером для всех, кто пришёл в эту профессию.

Труд Раисы Федоровны, полон тревог и волнений, радостей и печалей, дерзаний и поисков, это вечное испытание

Коллектив Петровской школы от души поздравляет Раису Федоровну с юбилеем, желает крепкого здоровья, счастья, благополучия, задора, внимания и всегда оставаться молодой, веселой и активной. Благодарим Вас за ваш самоотверженный труд, за душевную щедрость, за теплоту сердца, отданные ученикам и воспитанникам. Надеемся, что впереди у вас будут новые интересные встречи.

А.КАРАБАЕВА,
заместитель директора
по воспитательной работе
Петровской СШ

Абайды тану - адамның өзін-өзі тануы



175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының
мерейтойы

«Жас ұрпақтың бойындағы ұлттық рухты жаңғырту үшін не істеу керек» деген сұрақ талайдың көкейінде жүргені анық. Президентіміз

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласын оқи отырып, дән риза болдым.

Жаңару жолына мән береміз деп, ұлттық құндылықтарымыз бен тарихымыздан қол үзу өте үлкен қателік деп білемін. Осы мәселелер президентіміздің мақаласында толығынан айтылған.

Әуелі біз жастардың бойына адамгершілік асыл қасиеттерді Абай өлеңдері арқылы сіңіру керекпіз. Абай қазаққа ғана емес, әлемге танылған ұлы тұлға. Ұрпақ тәрбиесінде Абайды темірқазық етіп алсақ, адаспасымыз айдан анық.

Ағымдағы жылдың қазақ үшін ең маңызды мерекесі - Абай атамиздің 175 жылдығы. Бұл мереке біз үшін мемлекеттік дәрежеде өтетін үлкен шаралардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда өткізілетін іс-шаралар, олардың мақсат-міндеттері мақалада тереңінен талқыланады. Абайдың «Толық адам» формуласына терең тоқталды. Әр адам «толық адам» формуласын түсіне біліп, оның ерекшеліктерін өз бойынан іздей білуі керек.

Мақалада айтылған «Әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романы тұруы керек» деген ой маған қатты ұнады. Бұл сөздің тәркінінде қазақ пен Абай егіз ұғым деген түсінік жатқаны анық.

Біз жастарды Абай шығармаларымен тәрбиелеуді мектеп жасынан бастауымыз керек. Бұл педагогтардың мойнындағы үлкен міндеті. Егер жастар Абай шығармаларымен танысып қана қоймай, оны өз ой елегінен өткізе білсе, еңбегіміздің нәтижелі болғаны. Осы мақсатта президентіміз алда 500-ден астам мемлекеттік, қалалық, аудандық іс-шаралар өткізілуі керек деп отырғаны да қос қолыңды көтеріп қолдайтын бастама. Ендігі тілеріміз - осы шаралар өз деңгейінде өтіп, жас ұрпақ санасына аз да болса саңылау түсірсе деген тілек.

**А.ЖАГСАЛАХ,
Ботақара орта мектебінің
кітапханашысы**

Көктем мерекесі тойланды

Көктем - жыл мезгілдерінің ішіндегі ең керемет кезеңі. Төбемізден күн нұрын төгіп, жылы жел бетімізді аяласа, жылы жақтардан құстар ұшып келіп, жарқын жаздың жақын қалғанынан хабар береді.

Жыл сайын дәстүрлі түрде Ю.Гагарин атындағы орта мектебі жанындағы шағын орталық ұстаздары мен тәрбиеленушілері әжелері, аналары мен тәтелеріне арнаған көктем мерекесін дүбірлете өткізеді.

Осы дәстүр биылғы жылы да ұмытылмады.

Осында жас ұрпақты саналы түрде тәрбиелеп жатқан алты топ та мерекеге өзіндік үлесін қосып, музыка залын бар шеберліктерін салып, безендірді. Шағын орталық әдіскері Айгүл Сағатқызы Жүнісбекова, «Балбөбек» тобының тәрбиешілері Гүлсім Жеңісқызы Жеңісова, Күлімкөз Жүрсінқызы Қайырханова, тәрбиешінің көмекшілері Нұрсәуле Қанитайқызы Кәрімова, Марал Бектасқызы Смағұлова, Көктем ару - Баян Қайроллақызы Жауқешова асыл аналар мен әжелердің мерекесін өз мәнінде тойлау үшін бар өнерлері мен ықыластарын салды.

«Ақбота», «Қызғалдақ», «Еркетай», «Балдырған», «Балбөбек», «Айгөлек» топтарында өткен тамаша шаралар асыл жандар - аналары мен әжелерінің төбесін көкке көтерді деп айтуға лайық дәрежеде өтті.

Бұл күнгі «Балбөбек» тобында өткен ертеңгілікке «Ана -аса қымбатты жан» деген тақырып таңдалып алыныпты. Үстілеріне бар жақсысын киіп, төрден орын алған аяулы әжелер, әрбір ай-



тқан сөзінен мейірім төгілген аналар құрметті орындарына жайғасып, сахнадан керемет сәттерді күтті. Көрермен залы мерекеге лайық әсем безендірілген. Шұға атты жас өрен залға жиналған аналармен жылы



амандасып, келесі сәтте балалардың барлығы «Ай дидарлы анашым» атты әнді тегілдірді. Еңнің адам баласына әсері керемет, ол шын жүректен, махаббатпен шырқалғанда иесін тауып, сол адамның жүрегіне шаттық, ізгілік, қуаныш себелейді.

Ендігі сәтте керемет те әсем көйлек киген Көктем ару залға кірді. Көркіне көз тоймайтын сұлу Көктем балаларға былтырғы жылы да осы мерекеге келіп кеткенін айтса, тәрбиеші мен

балалар үлкенді сыйлайтын әдеттерімен оны төрге шақырып, өздері үшін жасаған жақсылықтарына ризашылықтарын білдірді.

Ананың бойындағы барлық жақсы қасиеттерін ашатын жыр маржандарын төккен Алишер, Аделия, Аида, Томирис, Адия, Айару толқу үстінде болды. «Кір жуу» биін ұлдар бишілер тобы мың бұрала биледі. Жантас, Елдос, Арсен, Нұриден, Ислам мен Нияз да кешірімді жүрегі бар аналарын мақтан етіп, олардың керемет қасиеттерін оқыған өлеңдеріне арқау етті.

Биші қыздардан құралған топ «Микки Маус» биін биледі. Онан соң «Мен әжемді өте жақсы көремін» әні шаңырақ астында біршама уақыт қалықтап тұрды. Көненің көзі, ақылдың кені - әжелеріміздің бала бойына сіңіретін жақсы қасиеттері таусылмасын дейміз. Әже мен ата тәрбиесін алған бала өмір бойына кісі сыйлағыштығымен, ізгілігімен, кешірімділігімен ерекшеленіп тұрады. Адамға жұғымды болып, көптеген жақсы мақал-мәтелдерді біледі, қиын жағдайлардан шығу жолдарын да меңгеріп алады. Әже - асқар тау, ата - биік шың, ана мен әке - адастырмай жол табуды меңгертуші тұлғалар. Бұлардың барлығы балаға керек, олар бар кезде - әрқашан баланың мерейі үстем!

Ару Көктем ата-аналармен ойын ұйымдастырып, шараны шын мәнінде керемет етіп өткізуге барын салды. Ал биші ұлдар мен қыздар үнді халқының биін мың бұрала билеп, отырғандарды бір серпілтіп тастады.

Шара соңында балалар аналары мен әжелеріне өз қолдарынан жасаған сыйлықтарын табыстады. Қонақтар да балаларға өз сыйлықтарын тапсырды.

Барлық топтарда өткен ертеңгіліктер мәні мен мағыналылығымен көрермендер жүрегіне қонақтады. Жас ұрпақтың тәрбиесіне бойындағы күші мен шығармашылығын арнап, жалықпай еңбек етіп жүрген тәрбиешілер ұжымына алғыс айтып, басымызды иеміз!

**Қ.АХМЕТОВА
Д. Торжановтың суреттері**

Чтение – вот лучшее учение!

В Токаревской средней опорной школе (ресурсный центр) прошла Неделя книги.

Целью мероприятия стало стимулирование интереса учащихся к чтению, повышение читательской активности, возвращение престижа книги и чтения, привлечение новых читателей, раскрытие творческого потенциала детей через участие в литературных и творческих конкурсах.

Неделя была очень познавательной, интересной и творческой. Каждый день проводился по конкретной тематике.

Первый день являлся открытием Недели книги. В этот день проводилась праздничная линейка для всей школы. Затем был проведен конкурс чтецов «Стихи Абая», посвященный 175-летию Абая Кунанбаева. В этом конкурсе приняли участие учащиеся 1-5 классов, стихи читались на 3-х языках. Победители этого конкурса Тогаева Аделя ученица 2А класса и Юртаева Алина ученица 4Б стали участниками челленджа, который запустила наша школа. Эту эстафету поддержали и продолжили другие школы нашего района.

В этот же день была организована выставка «Самая стар-



шая книга моей семьи». Всего на выставке было представлено 50 книг. Самой старшей оказалась книга А.С.Пушкина «Избранные драматические произведения» 1954 года издания.

Второй день был проведен под девизом: «Не оставляй загадку без разгадки, вопрос – без ответа». В этот день для учащихся 1-2 классов прошел час общения «Загадай, мы отдадим», который проводился совместно со школьной библиотекой. Для учащихся 3-4 классов проводился конкурс

«Знаюки загадок».

«В гостях у басни» - так назывался третий день. Учащиеся



3-4 классов подготовили и показали для учащихся 1-2 классов инсценировки басен И.Крылова «Ворона и Лисица», «Стрекоза и муравей» и «Квартет».

В этот же день в поселковой детской модельной библиотеке была проведена игровая программа «Добро пожаловать в мир басни!» по басням И.Крылова. Игровая программа была организована для учащихся 3-4 классов и проводилась на русском и казахском языках.

«Для книжек, которым пора лечиться, открылась книжка

больница. Доктором может быть каждый из вас в свободный день и свободный час!» - это девиз четвертого дня.

В этот день в школьной библиотеке была организована «Книжка больница», где учащиеся 5-х классов совместно со школьным библиотекарем дарили новую жизнь многим библиотечным книжкам.

Так же одним из ярких событий этого дня была сценка «Суд книжки над нерашливым мальчишкой», которую подготовили учащиеся 8 Б класса для учащихся начальной школы. Сценку показывали для каждого класса отдельно, в ходе показа каждый ученик усвоил, что нельзя плохо обращаться с книгами и учебниками.

В течение недели проводились также различные творческие состязания: конкурс рисунков «Обложка моей любимой книги», конкурс плакатов «Мой любимый сказочный герой», конкурс видеороликов «Самая читающая семья». В данном конкурсе приняли участие 4 семьи: семья Кузьмина Сергея - ученика 3 Б класса, семья Жумабековой Санди - ученицы 1 Б класса, семья Сейтхан Айтолқын и семья Ерболатовой Алуа - класс предшкольной подготовки.

В течение недели учителя начальных классов и руководители вариативных компонентов проводили открытые уроки по литературному чтению, а также открытые внеклассные мероприятия.

В рамках Недели книги впервые в нашей школе прошла акция «Подари книгу школе». Всего было подарено 52 книги. В акции активное участие приняли учащиеся и родители начальной школы, а также учителя. Благодаря этой акции книжные полки нашей библиотеки наполнились разнообразными интересными книгами от сказок до энциклопедий как на русском, так и на казахском языках.

Закрытие недели проходило под названием «Звездный небосклон». Была организована праздничная общешкольная линейка, где победителям конкурсов вручались грамоты, подарки и сладкие призы, родителям - благодарственные письма. Грамоты также вручались отдельным классам и учителям за активное участие в Неделе книги.

**Ж.АБИКЕЕВА,
руководитель
творческой лаборатории
«Жақсы кітап – жан азығы»**



Мұрагерімен жалғасқан өнер

«Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп өмірден озған ұлт зиялысы Әлихан Бөкейхановтың туған күнінде Үштөбе орта мектебінен қос сынып есігін ашты. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы аясында ашылған ақын атындағы оқу орталығы, «Руханият» қосымша білім беру орталығының Үштөбе ауылындағы филиалы болып ашылған Бұқар жырау Қалқаманұлы атындағы жыршы-жырау сыныбының лентасы қиылды. Лента қию рәсімі қазақ халқының жыршылық, жыраулық дәстүрін жалғастырушы, жырау Алмаз Алматов пен ауыл азаматы Жақыпбек Шаяхметовке табысталды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ашылған рухымызды асқақ етер жыраулар сыныбының өнерлі балғындарына аудан әкімі Шагурашид Мамалинов, мәслихат хатшысы Асхат Әли, аудан әкімінің орынбасары Айдын Алимов, Үштөбе ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы Саят Шаяхов бастаған

ел ағалары Алмаз Алматов, Елікбай Исаев, Қойлыбай Асанов, Айтбай Жұмағұлов, Жансая Жарылғапов, Мақсат Аханов, Дидар Қамиев, Сержан Мұсайынов, атақты модельер Венера Исина, ауданымыздың Құрметті азаматшасы Мүгүлсім Шибаева-лар ақ батасын берді. Үштөбе төрінен ашылған



жыршы-жырау сыныбының ұстазы, республикалық, облыстық айтыстардың жүлдегері Тілеген Әділов өз сөзінде:

«Ұлы жыраулардың жырына жан кіргізем деп жүрген аудан әкімі Шагурашид Қалиұлының мұрындық болуымен ашылып отырған сынып бүкіл қазақтың рухын оятатын үлкен ордаға айналды. «Үшінші тілек тілеңіз, үшкілсіз көйлек кимеске» деп үш жүзге сөзін айтқан Бұқар бабаның жырын қайта тіріліп жатқан ағамызға Үштөбе ауылы халқының емес, үш жүздің атынан рахмет айтсақ артық болмайды деп ойлаймын. Бүгінгі баба атындағы сыныпқа аяқ басып отырған оқушыларымыздың ақын, жырау болып кетуі міндетті емес шығар, бірақ азамат болып қалыптасуына, қабырғалы қазақ болып қалыптасуына бар еңбегімді сіңірсем, Алланың маған берген үлкен аманаты - өнерді артымыздан ерген жас өркенге үйретсем, әлі қанаттанбаған, ұяда жатқан сарыауыз балапандарыма ұлылардан қалған ұлы дүниелерді талшықтап ауыздарына әкеліп салсам деген мақсат жолына шықтым,- дейді.

Жастарды жырмен сусындатқан ұстаз сөзін жалғап шәкірттер ішінен еркеше көзімізге түскен 8 жастағы Балауса Әлкенова есімді бүлдіршін. Бойы кішірек болса да ойы зор Балауса Абайдың «Масығұт» поэмасының жартысын жатқа білетін көрінеді. Бұған дейін Абай оқуларында жыр додасына түсіп үлгерген бүлдіршінің болашағы зор. «Жыр жаттағанды ұнатамын» деген Балауса қызымыздың көзінен ұстазы байқаған жалынды аңғардық.

Бұл кеште жыл санап қатары толығып келе жатқан Бұқар жырау атындағы жыршы-жыраулар сыныбының ұстазы, ақтаңгер ақын Дидар Қамиев көмекейі бүлкілдеп «үшінші айда, сағат үште Үштөбеде үшінші сыныбымыз ашылды» деп жырдан шашу шашты. Ақынның отты сөздері аудан басшысының ақ тілегімен жалғасты.

Бабалар сөзі – жастарға өсиет. Бүгін біз жай ғана сынып ашып қойып жатқан жоқпыз, ұлт болашағын, ұлт тарихын қалыптастыратын ұрпақ тәрбиесіне үлкен үлес қосар мектепті құрып жатырмыз. Бұл сыныпты қосымша емес, негізгі білім беретін орда деп санауымыз қажет. Ұлттық маңызы бар бастамаға бас болып отырған Дидар Қамиев, Айтбай Жұмағұлов, Тілеген Әділовтерге ақ жол тілеймін. Бұндай сыныптар жоба ретінде ауданымыздың барлық мектептерінде ашылуы міндетті,- деді аудан басшысы Шагурашид Мамалинов.

Үштөбе орта мектебінің «Әуен» фольклорлық ансамблінің орындауындағы әуезді күйі, Ақерке Әсербаеваның «Әриайдай» халық әнін көрермен қиқу салып, қолдап отырды. Құлақтан кіріп, бойды алған өдемі өндермен әрленген кеш Қойлыбай Асанов, Елікбай Исаев, Айтбай Жұмағұловтардың ақ тілегімен жалғасты.

Аудан әкімінің қосымша білім беру жүйесін жоба күйінде ұсынуы өте орынды деп білеміз. Шагурашид Қалиұлы ұсынып отырған жоба нағыз ұрпақ тәрбиесіне керекті бастама. Өнер мұрагерлік ұрпақтары арқылы ғана дәстүрлік сипатқа айналады. Мұрагері жоқ өнер өледі. Бұқар жырау мұрасы – ұлт мұрасы, әлемдік өркениетке тиесілі ұлт идеясы,- деді Алмаз Алматов.

Бытырғы жылы ашылса да бүгінде беделді белестерді бағындырып жүрген Керней төрінен ашылған жыршы-жыраулар сыныбының оқушылары, елімізге танымал ақын, жерлесіміз Айтбай Жұмағұлов ағамыздың шәкірттері жырдан алқа тағып, бір жылда үйренген, түйгендерін көрсетті.

Дидар Қамиевтің шәкірті, облыстық Бұқар жырау оқуында «Доскей ақын» атындағы сый-

лықтың жеңімпазы атанған Виктория Алена домбырамен «Алыстан қызыл көрінсе» жырды орындап, тамсандырса, Үштөбе орта мектебінің түлегі Аяла Мұқышеваның орындауындағы халық әні жан тебіrentті. Талантты қыздарымыздың өнеріне, нәп-нәзік бойларына сыйған зор дауысты үндеріне көрермен тамсанып, сүйсінді.

Әр сыныптың ашылу салтанатында асыға күтетін ақындар айтысы бұл жолды да жоғары дәрежеде өтті. Жыраулар сыныбының түлегі Нұрлыбек Төкенов пен бүгінде білімін шыңдап жүрген Әлихан Ерғалиев бауырымыздың тартысты айтысы көрермен көңілін көтеріп, жүрек тебіrentті. Айтыс сүйер қауымның қоңыр қозысына айналған Нұрлыбек бауырымыз:

*Коронавирус деген бәле шығып,
Елдің бәрі жиынға жоламайды.*

Ағалар игі іс жасау керек болса,

Коронавирусқа да қарамайды,- деп жырласа, ұлт зиялысы Әлихан Бөкейхановтың аттасы:

*Ауданымның әкімі Шагурашид,
Басқалар өзін ойлап, алуда джил.*

Ал, біздің әкім ойлап руханиятты,

Ақын мен жыршыларға жасауда сый,

Шагурашид болмаған аудандарға,

Мына менің ағайын жаным ашды,- деп өз ойын жеткізді. Қос ақынның айтысын тыңдап, рухани жаңғыруды сөзбен емес, іспен дәлелдеп жүрген ел ағаларына алғыс білдірдік. Ауданымыздың тарихында тағы бір атаулы күн болып қалған бұл кешті Үштөбе орта мектебінің жас әншісі Жәнібек Сипатал «Мен қазақ» әнімен аяқтады.

Әр сөзі қазақтың бойтұмарына айналған ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арнап ашылған оқу орталығының жабықталу, безендірілу ерекшелігін айта кеткіміз келеді. Әр терезеге ілінген жалюзиді ұлы ақын елеңдерімен өрлеп, оқушыға, келген көрерменге жайлы түстермен, әсем жиһаздарды қолданып жайлы атмосфера жасаған Үштөбе орта мектебі ұжымының дизайнерлік талғамдарына өте жақсы деген баға береміз. Оның ішінде тоқталып өтетін басты дүние - кюаркодпен жасалған кітап көрмесі болды. Ерекше талғаммен, жаңашыл бетбұрыста жасалған жұмыстарымыз көптің көңілінен шықты.

Елін сүйетін, бабасын құрметтейтін, дәстүрін сыйлайтын, өнерді жалғайтын ұрпақ тәрбиелеп отырған, осы жолда аянбай тер төгіп жүрген жандардың баршасына мың алғыс. Алдағы таңда бүгінгі күні өз жұмысын бастап кеткен Ф.Мұстафин кентінен Жансая Жарылғапов ағамыздың жетекшілігімен ашылатын Бұқар бабамыз атындағы төртінші жыршы-жырау сыныбы салтанатты түрде ашылмақ. Бабалар жырын қайта тірілтер сыныптарымыздың қатары мұнымен тоқтап қалмай толығып, талантты шәкірттеріміздің саны артады. Бұл да бір үлкен қуаныш пен шаттыққа толы той емес пе?!

Б.ЖАКЕШОВА
Д.Торжановтың суреттері.

Алғашқы семинар

Өткен аптада №1 қазақ тірек мектебі жанындағы «Балауса» шағын орталығында «4К–модельді іске асыру арқылы мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің тәрбиелік білім беру процесін ұйымдастыру» тақырыбымен аудандық семинар өтті. Ауданымыз бойынша шағын орталықтар ішінен алғашқылардың бірі болып семинар өткізуді қолға алған тәрбиешілердің дайындығына жоғары деңгейде баға берілді.

Ашылғанына 3 жыл болған «Балауса» шағын орталығы көз алдымызда өркендеп, көркейіп келеді. Әр мерекеде бүлдіршіндерінің жеткен жетістігімен бөлісіп, бала тәрбиесінен бөлек қоғамдық жұмыстарда да алдыңғы қатарда жүретін шағын орталық ұйымшылдығымен көпке үлгі. Шағын орталық әдіскері С.Хамитова бастаған ұжымның дайындығымен өткен мерекелік кештің бінеше рет қадірменді қонағы болдық. Әр шараға ерекше дайындықпен, үлкен жауапкершілікпен қарайтын ұжымның осы бір қасиеті көптің бойында кездесе бермейді десек артық айтпағанымыз болар.

Семинар бүлдіршіндеріміздің «Домбыра» биімен салтанатты түрде ашылды. «Барлығы қалай басталды» деген атпен шағын орталықтың кешегіден бүгінгі күнге дейінгі өмірінен алынған бейнеролик көрсетілді. Шағын орталық психологы Ж.Жексембаева семинар қатысушыларымен бірге шеңберге айналып тұрып бой сергітуге

арналған амандасу тәсілдерін жүргізді. Семинардың алғашқы сөзі аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Б.Туртбаева мен №1 қазақ тірек мектебі директорының міндетін атқарушы Е.Жетпісбаеваға берілді.

- Ауданымыз бойынша 9 балабақша, 30 шағын орталық бар. Аудан көлемінде балабақ-

шалар арасында өткен семинарлардан қалмайтын «Балауса» орталығы бүгін өздеріңіздің бастарыңызды қосып, алғашқылардың бірі болып тәжірибе алмасқалы отыр. Қадамдарыңыз сәтті болсын,- деді Б.Туртбаева.

Ашылу салтанатынан кейін әр топтағы сабақтарға кірген семинар қатысушылары орыс, қазақ топтары болып екіге бөлінді. Тәрбиешілер Г.Оспанова, А.Карманованың «Бөбек» ортаңғы тобындағы «Екі қошқар», Г.Исина мен К.Татымбаеваның «Күншуақ» ортаңғы тобындағы «Путешествие в сказку» сабақтары пікір алмасу арқылы талдаған семинар қонақтарына С.Хамитова өз ойларыңызды ашық білдірсеңіздер деген өтінішін білдірді.

- Бүгінгі семинар бір-бірімізбен тәжірибе алмасу, қосатын, алатын дүние болса жеткізуге арналып отыр. Себебі біріміздің мақсатымыз, міндетіміз бір,- деді С.Хамитова.

Өткізілген сабақ барысында қалыптасқан пікірлерді «басым тұстары», «даму мүмкіндіктері», «әлсіз жақтары», «қауіпсіздік» деген төрт арнаға бөліп қонақтар өз ойларын жеткізді.

Ж.Жексембаева мен А.Карманова өткізген «Дьенеш» блоктарын қолдану арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға арналған шеберлік сыныптары көптің көңілінен шықты. Семинар қатысушылармен түрлі ойындар ойнатылды. Ал, шағын орталықтың ән-күй жетекшісі Е.Альгожинмен өткен «Әуенді тап» әуезді ойыны семинар қатысушыларының бойын сергітіп, көңілдерін көтерді. Тәрбиешілер Г.Сабеева мен Н.Бейсембаеваның бүлдіршіндермен бірге дайындағын «Бауырсақ» ертегісінің жаңартылған үлгісі дайындықтың жоғары дәрежеде жүргізілгендігі көрсетті. Ал, тәрбиешілер Т.Кузакова, Ж.Зейниденова «Асық» технологиясына арналған ойындар ойнатты. Әр ойынға қатысқан қатысушыға төтті марапаттар берілді.

Тәрбиенің бастауы болған шағын орталықта ел ертеңінің алтын тұтқасы, халқын, жерін сүйетін ұрпақ өсіп келеді. Оны бар дауыс пен жан тәнімен «Мен қазақпын» әнін орындаған бүлдіршіндердің жанарынан аңғардық.

- Бүгінгі семинар өте қызықты өтіп жатыр. Үйренетін, қойын дәптерімізге түртіп алар, өзіміздің шағын орталықта пайдалансақ болады деген дүние көп. Өз басым семинарға бірінші рет қатысып отырмын, - дейді Қ.Боранбаев атындағы орта мектеп жанынан ашылған шағын орталық тәрбиешісі

Д.Абуkenова.

Семинар соңында асық технологиясы, құрылысшылар, ертегілер елі тақырыптарындағы қолөнер бұйымдарынан құралған көрме тамшаланып, қатысушылар өз ойларын білдірді.

рыңыз көріне білді. Дәп осындай семинарларда бір нәрсені түсінбей қалсақ, сұрақ қойып білуге тырысу керек деп ойлаймын. Бәріміз бір бағытта, бір мақсат жолында жүргендіктен жұдырық болып жұмылуымыз



- Семинар бір демде, әсерлі жылылықпен өтті. Шағын орталыққа кіріп келгенде сіздердің жылуларыңыз, керемет аураларыңыз сезіліп тұрады. Өте өзекті тақырыпта өткен семинарда сіздердің ұйымшылықта-

керек,- деді үштөбелік «Аяла» балабақшасының әдіскері А.Манкенова.

Б.ЖАКЕШОВА
Д.Торжановтың суреттерінде: көрме; шара қонақтары; семинар сәттерінен.





Жастық маған оқ берді жауынды ат деп

Түн ауып, сағат таңғы төртке таянды. Тек шекарашылар ғана ояу. Кенет батыстағы шекарашылар жарқылдаған от тәрізді сәулелерді көрді. Жарқыл тез көбейіп, шекараға жақындап қалды. Ә дегенше болған жоқ, ұшып жеткен ұшақтар біздің аэродромға, қару-жарақтар тұрған қоймаларға, қалалар мен селоларға үсті-үстіне бомбаларды тастады. Айналада қаптаған техника - танкілер, әскер толы жүк машиналары,

мотциклдерге мінген немістер. Аласапыран, сұмдық көрініс, бүкіл дүние шайқалғандай. Құлаған үйлер, қираған қалалар мен селолар, өртенген тоғайлар, қырылған адамдар.

1941 жылғы маусымның 22-ші жұлдызы, таң сәріде Кеңестер Одағының батыс шекарасында сұрапыл соғыс осылайша басталған-тын. «Соғыс» деген сұмдық хабар Қазақстанның барлық өңіріне сол 22-ші маусым күні-ақ тарайды. Бұл соғыс тарихқа Ұлы Отан соғысы деген атпен енді.

1924 жылы Сүгірәлі Қарабұлағында дүние есігін ашқан Құрмет Бұқпанұлы Танашев Ақжар ауылында бастауыш білім алып, оқуын Үлгі мектебінде жалғастырған. Ұлы Отан соғысы басталып, ел басына ауыр күндер туғанда ел-жұрт қатарлы Ақжар ауылынан майданға аттанған. Белоруссия, Украина, Польша, Чехословакия жерлерін неміс-фашист басқыншыларынан азат етуге қатысқан. Сталиннен жеті мәрте алғыс хат алған, бірнеше орден-медалдармен марапатталған. Ұлы Жеңіс күнін Прага қаласында қарсы алған есіл ерімізбен көзі тірісінде сұхбаттасқан едім. Соны ұсынамын.

- Соғыстың басталатынын алдын-ала сезген жоқсыз ба?

- Сездім. Өйткені соғыс басталардан 1-2 ай бұрын әскери комиссариат жастарды жаппай шақырта бастады. Ауылдағы ағаларымды әскер қатарына тездетіп, шұғыл алуда болды.

- Соғыс қарсаңында ел-жұрттың тыныс-тіршілігі қандай дәрежеде еді?

- 1928-29 жылдары кәмпескеден кейінгі уақытта ашаршылық басталып кетті. 1934 жылдың күзіне дейін ашаршылық зардабы жойылған жоқ. Осыған дейін көп адам о дүниелік болды. 1934 жылдың көктемінде ашаршылықтан тірі қалған адамдарды колхозға ұйымдастырып, Кеңес үкіметі Қазақстанға егін салу үшін бидай тұқымын беріп, жерді күрекпен өңдеп, ел қолмен аңызға тұқым септі. Ақжарда колхозға ұйымдасқан 40-45 үйдің еркек-әйелі егін салуға қатынасты. Осы колхозда Сату мұғалімнің әкесі Көкен ақсақалды бір сиыр бұзауымен, қозысымен 5-6 тұяқ қой малы, әкем Бұқпанның екі ешкісі, бес лағы болды. Одан басқа ауыл отбасыларында мал жоқ еді. Нығмет Нұрмақов Қазақстан Республикасының Мәскеудегі елшісі Сталиннің қабылдауында болып, халықтың аштан қырылып жатқанын оған жеткізді. Қазақстанды сол кезде басқарған Голощекин «Кіші Октябрь» революциясын жасаймын деп, байлардың малын түгелдей тартып алып, елді шығынға ұшырату салдарынан адамдар аштан қырылып, көмусіз қалғанына Сталиннің көзі жетіп, ол Қазақстанға бидай, арпа, тары жібертті. Осы 1934 жылдың күзінде бидай бітік шығып, жұртті бір кенеліп қалды, адамдардың қарны тойып, олардың көңіл-күйлері көтеріле бастады.

- Соғысқа кірер алдындағы дайындығыңыз жөнінде әңгімелеп берсеңіз.

- 1941 жылы мамыр-маусым айларында Ақжар азаматтарының бәрін әскер қатарына тез арада, асығыс алып кетті. Ауылдан 50 шақты ер-азаматтар, студенттер, мұғалімдер, одан соң он жеті жастағы мен қатарлы бозбалалар военкоматқа шақырылып, аудан орталығында сапқа тұрғызылып, қолымызға ағаштан жасалған мылтық, гранат ұстатып, соғыс өнеріне бізді үйретті. Дәл көздеп атуға, гранатты жауға дөп түсіруге, жекпе-жек айла-тәсіліне, соғыста жараланған сарбазға бірінші дәргерлік көмек көрсетуге машықтады. 1942 жылы жасымыз 18-ге толысымен әскер қатарына қабылдап, Ақмола қаласындағы №39 соғыс алды дайындық гарнизонында сарбаздық өнерге жаттықтырды.

- Соғысқа аттанарда туған ауыл қариялары сізге бата берді ме?

- Берді. Әкемнің айтқаны: «Сүгірәлі батыр атаңның жаудан беті қайтпаған, дұшпанын жайратуға әр уақытта дайын тұрған. Мен өзім де 1916 жылғы халық көтерілісінде жүзбасы болып, шайқастарға қатынастым, еш уақытта жаудан қаймыққаным жоқ, сен де бабаларыңа тартып, батыр бол», - деді Ауыл ақсақалы Ешмағанбеттің жас өрендер, болашақ сарбаздарға берген батасы мынау: «Қазақ тумысынан, ежелгі ата-баба жаратылысынан жауынгер халық, еш уақытта жауынан тайсалмаған, ұлан-ғайыр жерін ерлікпен қорғап, өзгеге оның ұлтарақтайын да бермеген. Сендер де ата-бабаларың тәрізді қиындыққа қайыспас ер болыңдар, ажал-

дан қорықпаңдар, жауды жеңіп, елге аман-есен оралуларыңа Алла нәсіп етсін. Әдейі көздеп атса да, ажалы жоққа оқ дарымайды. Осыларды есінде мықтап ұстаңдар, қаһармандарым!»

- Майданға аттанып бара жатқанда қандай сезімде болдыңыз?

- Әке-шешем өте көрі еді. Төрт інім және бір науқас қарындасым, барлығы да жас болатын. Үйде еңбекке жарайтын менен басқа ешкім жоқ-тын. Мен майданда оққа ұшып, елге аман-есен оралмасам олар не болады деп, ішімнен қатты уайым жедім. Бірақ, көңілімді қорқыныш та, үрей де билемеді. Тезірек жауды жеңіп, елге оралып, отбасымды асырасам екен деген ойдың жетегінде жүрдім. Және біз сияқты солдаттарды командирлеріміз соғыстың қыр-сырына барынша ыждаһатпен үйретті, көңілімізге Отанға деген сүйіспеншілікті, дұшпанға деген өшпенділікті, жүрегімізге патриотизм нәрін ұялатты. Сондықтан да жауды жеңіп, елге абыроймен ораламыз деген үмітте едік.

- Жауды алғаш көргендегі көңіл-күйіңіз...

- 1943 жыл, Россияның Белград облысындағы Волюика қаласы аудан орталығы, онда 40 мың шамасында адам тұрады. Қала арқылы оңтүстік пен солтүстікті жалғастыратын темір жол торабы өтетін, паровоз депосы қызмет атқаратын, ауданда қант қызылшасын өсіріп, оны өңдейтін, шекілдеуік өсіріп, одан май шығаратын, сонымен қатар, спирт тұндыратын, сүт тағамдарын шығаратын заводтар жұмыс жасайтын. Қаланы фашистер мықты қорғап тұрды. Біздің 8-і гвардиялық атты әскер дивизиясының 29, 30, 31-і полктері түн ішінде тұтқиылдан Волюикаға шабуыл жасап, фашистерді қаладан қуып шығып, шабуылын барынша үдете түсті. Уразово және Волохоровка деген екі қаланы келесі екі аптада жаудан босатты. Немістерден де, бізден де шығын көп болды. Қираған танкі, зеңбірек, басқа да қару-жарақтарын тастай сала, үрейге бой алдырып, алды-артына қарамай олар қаша жөнелді. Үш күнде 45 шақырым алға жылжып, немісті тұқыртып тастадық. Волюика қаласының стратегия-тактикалық маңызын біз кейін ғана түсіндік. Осы үш қаланы жаудан босатқаны үшін дивизиямызға Сталиннің бұйрығымен гвардия атағын берді. Бұл соғыста фашистерге алғаш рет қатты тойтарыс беріліп, жеңістерге қадам басқандықтың нышаны анық білінді. Жауынгерлік рухымыз биікке көтеріліп, жеңіске деген ынтамыз арта түсті. Шабуылға шығар алдында командиріміз Бас штабтың бұйрығын оқып, үш қаланы жаудан азат ету мақсатын солдаттарға түсіндірген еді. Сол бұйрық комсомол қатарындағы солдаттарға жігер берді. Фашисті алғаш рет көргенімде менде қорқыныш сезімі болды, бірақ өліспей беріспеуді кейінірек ұғындым.

- Бірінші атқан оғыңыз дұшпанға дарыды ма?

- Мен «Максим» атты пулеметтің бірінші санатты атқышы болдым. «Максим» пулеметі бір минутте 800 оқ шашады, оның 100 бронды, 50-і өртегіш, 50-і тойтарыш, ал қалған 600-і кәдімгі мылтықтыкі тәрізді. Менің атқан оқтарым жауды әрі өртеп, әрі топалаң тигендей жайратып жатты. Осы үш қаланы алғаннан кейін біздің дивизияны Мәскеу түбіндегі жауды талқандауға бағыттады. Мәскеуде басқа әскер бөлімдерімен бірлесе отырып, фашистерді түре қуып, Белоруссияның Смоленск облысына қарайтын Ельня қаласын жаудан тазарттық. Мәскеу түбінен жауды қуу текетіреспен өрбіді. Сағы сынған жау біздің әскер тегеурініне шыдамай, батысқа қарай қатты ығыса берді. Белоруссияның қалалары мен селоларындағы ағаштан салынған үйлерін өртеп, күлін көкке ұшырды. Белоруссия мен Украинаның түйіскен жеріндегі Полесье облысының жерінде ми-батпақ болғандықтан, фашистер қорғанысы жоқ екенін барлаушылар тобы анықтап, 1943 жылдың желтоқсаны мен 1944 жылдың қаңтары айларында жердің қатқанын пайдаланып, атты әскер қалың орманның ішімен 200 шақырым батысқа қарай беттеп, борпылдақтан сәтті өтіп кетті. Украинаның Ровно қаласы артта қалды. Ол қалада фашистердің Украина-

дағы штабы орналасқан. Штабтың бастығы генерал-фельдмаршал Ерик Хокк. Бұл қалада немістің мықты бекінісі болған. Біздің дивизия осы қалаға тұтқиылдан, батыстан шығысқа қарай, күтпеген жерден шабуыл жасап, 1944 жылдың ақпан айының екісі күні Ерик Хокк штабын талқандап, қаланы жаудан тазартты. Ерик Хокк алды-артына қарамай, ұшағымен ауаға көтеріліп, «Германия қайдасың?» деп қашып кетті.

- Майдандас достарыңызды атап өтсеңіз.

- П.Маклоков - Украинаның Луцк қаласында тұрады. Артиллерия взводының командирі, кіші лейтенант болған, ал 1945 жылдан отставкадағы полковник. Облыстық прокуратурада қызмет істейді, оны Россияның теледидарынан көрсетті. Ол менімен құрдас, үйінде екі мәрте қонақ болдым. А.Быстревский - отставкадағы полковник, Украинаның Стрия қаласында тұрған, 1943 жылдан эскадрон командирі, үйінде екі мәрте қонақ болдым. И.Тупытцын - Мәскеуде тұрады, 6-ы казак-кубань кавалерия корпусының ардагерлер кеңесінің төрағасы.

- Соғыс кезінде сарбаздардың көп жауды шағын күшпен күйреткен сәті болды ма?

- Болды. 1944 жылдың маусым айының соңғы күндері Украинаны толық азат етіп, Польша жерінде кезекті шабуылға шықтық. Бұл айда күн өте ыстық болып тұрды, біздің шабуылымыз елдің оңтүстік өңірінде қауырт басталды. Поляк жері құмдақ болғандықтан, кавалерия бөлімшесіне үш ат жегілген тачанкамен жауды тықсыра қуу өте ауыр болды. Шауып келе жатқанда аттардың біреуі ыстық пен құмнан зорығып, өліп кетті. Бір салт атты солдаттың атын жедел жегіп жіберіп, өзін дереу тачанкаға отырғызып алдық. Алдымыздағы оң және сол қанаттағы немістер тегеурінді атты корпус шабуылына шыдамай үш жаққа жарылып түсті, біздің алдымыздағы, орта тұстағы жау солдаттары абдырап, ұшқыр қозғалған атты әскер шеңберіне қозылардай қамалып, қоршауға қалай түскенін өсте білмей қалды. Осындай әдіс-айламен фашистерді бөліп-жарып алып, оларды аяқ асты, көзді ашып-жұмғанша күйретіп жүрдік. Кейін білдік, осы уақыт ішінде немістер Висла өзенінің арғы жағына өтіп алып, мықты бекініс жасай қойыпты. Қанша мәрте шабуыл жасасақ-та, жау бет бақтырмай, оқты қалың жаңбырдай боратып, қатты қарсылық көрсетті. Біз ілгері жылжи алмай-ақ қойдық. Қайықпен, плотпен өзенге түссек болды, қолма-қол солдаттарды жойып жібереді. 20 шақты күндей осынша теке-тіресті соғыста көп шығынға ұшырадық. Ақырында, зеңбіректермен қатарласа реактивті қондырғы «Катюша» бөлімдері бізге көмекке келіп, жауға от шаша отырып ауыр соққы беріп, олардың бекіністерін күл-талқан етті. Өзеннің арғы жағасына өттік. Осы соққыдан кейін немістер қасқырдан қашқан қояндай күй кешіп, үрейге бойларын билетіп, күн батар тұсты беттеріне ұстап, алды-артына қарамай, жанталаса зыта жөнелді. Атты әскер шұғыл маневр жасауға, жауды тоз-тоз қылып бытырата бөлшектеп, құтылмас қоршауға түсіріп, жойып жіберу үшін таптырмайтын күш. Жоғарыда қолданылған тактикамен саны жағынан бірнеше есе көп жауды шағын-шағын атты бөлімшелер арқылы түбегейлі жойып жібердік. Тачанкадағы, яғни, жылдам қозғалыстағы пулеметтің пайдалы әсер коэффициенті бір жерде тұрған пулеметтен гөрі анағұрлым жоғары болады.

- Соғыс кезінде қандай әскери шендерде болдыңыз?

- «Генерал болуды армандамайтын солдат жоқ» дейді. Солдат, ефрейтор, кіші сержант, сержант, аға сержант (взвод командирінің көмекшісі, қарамағында 30 солдат) шендерін менгергенмін. Қазіргі кезде запастағы гвардия аға лейтенанты дәрежесіндемін. Аға лейтенант батальон командирі міндетін атқара алады, қарамағында 3000 солдат болады.

- Осыдан 65 жыл бұрынғы Жеңіс күні есіңізде бар ма?

